

# ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ

e-mail: [kostanaytany@mail.ru](mailto:kostanaytany@mail.ru)

[www.kostanaytany.kz](http://www.kostanaytany.kz)

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

3 шілде 2018 ж.

сейсенбі

№75 (18723)



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

РУХАНИ ҚАЗЫНА

## Төрлет, домбыра-құдірет!

**Қыдырбек  
ҚИЫСХАНҰЛЫ**

Ғасырлардан бері күй болып ырғалып, ән болып тербеліп, жыр болып қалықтаған домбыра талай жұртты өзінің құдіретімен табындырып, мойындатып келеді. Бесікте іңгөлаған сәбиді уатқан, қайғылы елді жұбатқан, қуаныш үстінде салтанат құрған әуелеген домбыраның ерекшелігі сол, «қазақ – домбыра, домбыра – қазақ» түсінігі қалыптасты.

Рас, қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Қылыштан өткір,

құрыштан берік арналы аспап талай-талай аласапыран қырғындарда толарсақтан қан кешкен майдандағы жауынгерлеріміздің рухын аспандатты, аруағын шақырды, жаймашуақ күндердегі думанды тойларда әнші-жыршы, күйшілердің арқасына қанат бітірді, тыңдаған жанның делебесін қоздырды! Қолымыздан түспеген, төрімізден орын алған осынау киенің бүгінде әлем шарлап, сегіз шартарапты мекендеген әр қазақтың үйінде күмбірлеп тұрғаны осының дәлелі. Домбыра өзінің құдіретімен талай жұртты таңғалдырды, талайларды мойындатты.

Бабадан жеткен мұраға айрықша құрмет көрсетудің

көрінісі сол – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен шілденің алғашқы жексенбісі – Ұлттық домбыра күні болып белгіленді. Бұл да қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында қолға алынған игі шара екені анық. Елордамыздан бастау алған мереке барлық өңірде салтанат құруда. Тіпті, шет мемлекеттердегі қандастарымыз бен сапарға шығушыларымыз да ұлттық байырғы аспабымызға көрсеткен құрметін ән-күй, жырмен жеткізіп, әлеуметтік желінің қазанын қайнатып жібергендей.

8-бет.

## Ғалымдар бас қосты

**Кенже  
ҚОНЫСБАЙ**

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің қабырғасында академик Кенжеғали Сағадиевтің 80 жасына арналған бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Аталмыш оқу ордасының мәжіліс залында облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтің және шетелдік ғалымдардың қатысуымен халықаралық «Цифрлық экономика – аналитикалық көзқарас» атты тәжірибелік-конференция өтті.

Мұнда Тәуелсіз Қазақстанның

жүріп өткен жолы мен болашаққа жасап жатқан қадамдары талқыланды. Жаһанда кең тараған цифрлық экономиканың пайдасы айтылды. Сондай-ақ, әуелгілердің бірі болып сөз алған өңір басшысы Архимед Мұхамбетов академик абызды мерейтойымен құттықтады.

– Тәуелсіз Қазақстанның аяғынан нық тұруына, оның экономикасының дамуына қосқан сүбелі үлесіңізді ел ұмытпайды. Жерлестеріңіз сізді мақтанышпен айтып жүреді. Сондықтан осынау шараның Қостанай жерінде өтуі біз

үшін мақтаныш. Еліміздің басынан небір кезеңдер өтті. Десек те, елім деген ерлердің арқасында әрқашан мерейі үстем болып келеді. Мерейлі жасыңызбен барлық Тобыл-Торғай жұртының атынан құттықтаймын, – деді ол.

Бұдан соң конференция қонақтары сөз сөйлеп, тақырып аясында өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, осы басқосуда академик Кенжеғали Әбенұлының «Қазақстандағы реформалар: аналитикалық көзқарас» кітабының тұсауы кесілді.

2-бет.

**5 шілде** күні "Орталық" стадионында футболдан Қазақстан чемпионатының XVII тур ойындары аясында

«Тобыл» (Қостанай) – «Астана» (Астана) матчы өтеді.

Матчтың басталуы **18.00.**

Биалеттер "Орталық" стадионы және "Осьминог" аквапаркінің кассаларында сатылады.

**5 июля** на стадионе "Центральный" в рамках XVII тура Чемпионата Казахстана по футболу состоится матч

«Тобол» (Қостанай) – «Астана» (Астана)

Начало матча в **18:00.**

Биалеты продаются в кассах стадиона "Центральный" и аквапарка "Осьминог".



## "Жүректен – жүрекке!"

**Қарлығаш  
ОСПАНОВА**

Осындай атаумен "Қостанайдың жас көшбасшылары" қоғамдық бірлестігі облыстық денсаулық сақтау басқармасының тапсырысы бойынша 2016-2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы аясында Қостанай, Рудный қалалары мен Әуликөл, Мендіқара ауданында арнайы жобаны іске асыруда.

Жобаның мақсаты – мүгедектерге көмек көрсету және қоғамға бейімделу мәселесінің өзектілігіне қоғамның назарын аудару болып табылады.

– Мұның сыртында тұрғындарды жұқпалы аурулардың алдын алу және уақытылы күтім жасау туралы хабардарлық деңгейін жоғарылату, тамақтанбауды болдырмау, студенттерге мүгедектерге деген қамқорлықтың маңыздылығын түсіндіру, сондай-ақ өз ден-

саулығына жеке жауапкершілікті сезіндіру де осы жобаның басты мақсаты саналады. Жоба аясында студенттерге салауатты өмір салтын қалыптастыру принциптерін насихаттап, қиындықтардың алдын-алу және уақытында күтім жасау, сондай-ақ мүгедектерді, мұғалімдерді, әлеуметтік қызметкерлерді, аудандық мектептердің медицина қызметкерлеріне арналған арнайы іс-шаралар, дәрістер, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізудеміз, – дейді қор жетекшісі Гүлсім Бисембаева.

Сонымен қатар, іс-шара барысында мамандар бөртпе жарасының алдын-алуға арналған фильмдер көрсетіп, салауатты өмір салтын насихаттау тақырыбындағы "сұрақ-жауап" викторинасын өткізіп, ұнпарақтар тарататын болады. Ең белсенді қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары берілетін болады.

## ДЕРЕК

### Қостанай облысындағы тұрғын үй құрылысы

2018 жылғы қаңтар-мамырда облыс аумағында жалпы алаңы 114469 шаршы метр (1007 пәтер) тұрғын үйлер тұрғызылды, бұл 2017 жылғы қаңтар-мамырға 126,6% құрды.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру Қарасу (32,1 есе), Ұзынкөл (63,8%-ға) аудандарында, Қостанай қаласында (39,9%-ға) және Жанкелдин ауданында (38,5%-ға) едәуір өсті.

Салынған тұрғын үйлер көлемінің ең үлкен көлемі Қостанай қаласында (76843 шаршы метр немесе пайдалануға берілген тұрғын үйлер жалпы көлемінен 67,1%) пайдалануға берілді.

2018 жылғы қаңтар-мамырда тұрғын үй құрылысының 1 шаршы метрінің орташа нақты шығындары 85,8 мың теңгені құрады. Тұрғын үй құрылысының 1 шаршы метрінің ең жоғары орташа нақты шығындары Жанкелдин ауданында (107,3 мың теңге), Қостанай және Лисаков қалаларында (89,7 мың теңге) қалыптасты.

### Қостанай облысындағы құрылыс қызметі

2018 жылғы қаңтар-мамырда құрылыс жұмыстарының орындалған көлемі бағалау есебімен, 20887,9 млн теңгені немесе 2017 жылғы қаңтар-мамырға 104,4% құрды.

Жалпы көлемнен 98,7% облыс бойынша құрылыс жұмыстарының айтарлықтай көлемі жеке құрылыс ұйымдарымен орындалған, мемлекеттік – 0,7%, шетел – 0,6%.

Құрылыстық жұмыстардың орындалған құрылымында 68,6% құрылыс-монтаж жұмыстары алады, 18,1% – күрделі жөндеу, 13,3% – ағымдағы жөндеу.

Тұрғын үй құрылысында орындалған құрылыс жұмыстарының нақты құны 2660,9 млн теңге құрды немесе жалпы көлеміне 12,7%.



## Ғалымдар бас қосты

– Еліміздің бой түзеп, алға сенімді жылжып келе жатқаны қуантады. Бұл, сөзсіз, Елбасы Нұр-сұлтан Назарбаевтың еңбегінің жемісі. Соған өз үлесімді қосқанымға қуаныштымын. Ал бұл кітап келешек ұрпаққа, ғалымдарға үлкен көмек болады деп білемін. Қазақстанның даму жолы көпке үлгі болатын іс, – деді ол.

Тағылымды жиыннан соң қонақтар академиктің өмір жолынан сыр шертетін көрмемен танысты. Әйгілі ғалымдар студент жастарға ақыл-кеңесін айтып, аз-кем дәріс оқыды.

– Осындай ауқымды шараның біздің университетте өтуі бір мәртебе. Көп нәрсеге қанық болдық. Ғалымдардың айтқанын ұғып алуға тырыстық. Ал академик Са-



ғадиевтің өмір жолы, білімі Қазақстан жастарына таптырмас кеніш дер едім. Біз

сондай кісілерден үлгі алуымыз керек, – дейді ҚМУ магистры Жанболат Кенжеғұл.

**Суретті түсірген  
Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**

## Киелі аспап күмбірі

**Мұрат  
ЖҮНІСҰЛЫ**

Елбасының Жарлығымен биыл елімізде алғаш рет аталып өтіп отырған "Ұлттық домбыра күні" Арқалық қаласында да дүбірлі думанмен көрініс тапты.

Ұлттық мерекеге орай қала орталығындағы облыстық "Дала өлкесі тарихы" музейінің алдында ашық аспап аясында мәдени іс-шара ұйымдастырылып, жиылған қауымды қала әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров пен ҚР Мәдениет қайраткері, Халықтық қазақ ұлт-аспаптар оркестрінің дирижеры, Б.Байқадамов атындағы саз мектебінің директоры Борах Әбенев құттықтады.

Өнер – қай халықтың болмасын тарихымен бірге жасасып, біте қайнасқан ұлы құбылыс. Мерейлі шақта аға буын өкілдері ақын-сазгер, жырышы-термешілер Көки Ақан, ҚР Мәдениет қайраткері Жұмағали Өмірбек,



Қуанышбай Қазымбек, Жанагүл Жармағанбетовалар бас болып домбырамен ән шырқап, төгілтіп терме орындады.

– Елбасымыз жариялаған ұлттық домбыра күніне үлкен-кіші болып атсалысып

жатырмыз. Келешекте атабабаларымыздың бұрынғы дәуіріндегідей екі қазақтың бірі домбыра тартатындай өріс алса дейміз.

Елбасымыздың өзі де домбыра тартады. Ол кісінің әндерін бүкіл ел біледі. Ұлт-

тық өнеріміздің тамыры осы домбыра арқылы тереңдей берсін деген тілек білдіреміз, – дейді белгілі жыршы-термеші Қуанышбай Қазымбек.

Музей мен облыстық №2 ғылым-әмбебап кітапхана ұжымдары ұйымдастырған көрмелер мерекенің шырайын аша түсті.

Дәл осы күні Қазақстан халқы ассамблеясы жаңа туған нәрестеге домбыра сыйлады.

Мұндай құрметке ие болған қала қонағы, Әуликөл ауданы, Диев ауылының тұрғыны Жанкелді Кайкин мен Алтынай Кайкина. Жас отбасының бұл дүниеге келген тұңғыш сәбилері екен. Жас жұбайлардың екеуі де ауыл мектебінде мұғалім болып жұмыс істейді.

Сый-сияпатты жас ата-анаға қала әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров табыс етті.

**Арқалық қаласы.**

**СУРЕТТЕ: Мерекелік шарадан көріністер.**

**Суретті түсірген автор.**

## Қос сәбиге – қос ішекті домбыра

**Қарлығаш  
ОСПАНОВА**

Биыл елімізде алғаш рет тойланған Ұлттық домбыра күні Қостанай қаласындағы перинаталдық орталықта және аудандар мен қалалардағы

перзентхана үйлерінде "Балалардың көзіндегі қасиетті Домбыра" атты акция өтті. Акция барысында осы күні өмірге келген сәбилерге қазақтың қасиетті қара домбырасы сыйға тарту етілді.



Ұлттық Домбыра күні мұндай сый-сияпатқа перинаталдық орталықта өмірге келген Полина мен Сөзім атты нәрестелер ие болды. Бірінші күні дүниеге келген Полинаның салмағы 3150 келі, бойы 51 сантиметр. Ол Дмитрий мен Екатеринаның тұңғыштары. Ал, мереке күні дүние есігін ашқан Сөзімнің салмағы 2620 келі, бойы 50 сантиметр. Ол отбасындағы үшінші бала екен. Үйде оны ағасы Елмұрат пен әпкесі Көмила күтіп отыр. Сөзімнің ата-анасы Әуликөлден Қостанайға қонаққа келген көрінеді. Сол түні толғақ қысқан келіншекті туыстары перинаталдық орта-

лыққа жеткізген. Қазір балалардың да, аналарының да жағдайы жақсы.

Перинаталдық орталықтың бас дәрігері Татьяна Булгаевич, облыстың бас гинеколог-дәрігері Иван Яцен және Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Бибігүл Аққожина жаңа туған қос нәрестеге домбыра және жас аналарға құттықтау хат тапсырды. Мереке күні осындай сый-сияпат пен құрметке ие болған аналардың қуанышында шек болмады. Бүгінгі сый-құрметті олар жақсы ырымға балады.

## ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

"7-20-25"

## Баспана алудың жаңа жолы

Қазақстанда "7-20-25" ипотекалық тұрғын үй кредиттеу Бағдарламасы іске қосылды.

Бағдарлама бойынша қарыз алу үшін жеке тұлға мына талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы;
- 2) еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірісінің болуы;
- 3) ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешегінің болмауы;
- 4) Бағдарламаға қатысушы банкке өтініш берген сәтте меншік құқығында Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үйінің болмауы.

Банктер қарыз алушыға бағдарламаның талаптарына қайшы келмейтін қосымша талаптар белгілеуі мүмкін.

Банк ипотекалық тұрғын үй қарызын бергенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және банктің ішкі құжаттарына сәйкес қарыз алушының және қоса қарыз алушының (бар болса) кредит төлеуге қабілеттілігін бағалауды жүзеге асырады.

Бағдарламаның қолдану мерзімі белгіленбеген, яғни бағдарлама мерзімсіз. Займды тек теңгемен ғана алуға болады. Қарызды бергені және оған қызмет көрсеткені үшін комиссия алуға банктерге тыйым салынған.

Тұрғын үйдің болмау мерзімі бойынша талап белгіленбейді. Қарыз алушы қарыз алу үшін бағдарламаға қатысушы банкке өтініш берген сәтте меншік құқығында тұрғын үйі болмауға тиіс. Тұрғын үйдің болмауы жөніндегі талап тек қарыз алушыға ғана қолданылады. Тұрғын үйдің болмауы жөніндегі талап жылжымайтын тұрғын үй объектілеріне қолданылады, бұл ретте меншіктегі үлес жылжымайтын тұрғын үйдің жеке объектісі болып табылмайды.

Қоса қарыз алушыларды тартуға рұқсат беріледі. Бағдарламада қарыз алушылар үшін белгіленген талаптар қоса қарыз алушыларға қолданылмайды, оларға қойылатын талаптарды банк дербес белгілейді.

Бағдарламада өтелмеген ипотекалық тұрғын үй қарызы бар адамға қарыз беруге тыйым көзделген.



Басқа қарыздарыңыздың болуы Сіздің кредит төлеуге қабілеттілігіңізді бағалауға және бағдарлама бойынша әлеуетті қарыз мөлшеріне әсер ететін болады.

Қарыз алушының кредиттік тарихындағы мерзімі өткен қарыздар қарыз алушының Бағдарламаға қатысушы банк жүзеге асыратын кредит төлеуге қабілеттілігін бағалауға теріс әсер етеді.

Бағдарлама бойынша қарыз алушының жасы бойынша шектеулер көзделмейді. Қарыз алушы қарыз мерзімін банкпен келісім бойынша айқындайды.

Бағдарлама талаптары барлығы үшін бірдей болып табылады, сондықтан азаматтардың жекелеген санаттары үшін қандай да бір жеңілдіктер көзделмейді.

Бастапқы жарна сатып алынатын тұрғын үйдің кепіл құнының 20%-ы мөлшерінде есептеледі. Сатып алынатын тұрғын үйдің кепіл құнын анықтауды қатысушы банк жүзеге асырады. Бастапқы жарна ақшалай қаражатпен енгізілуге тиіс. 20% мөлшеріндегі бастапқы жарна белгіленген мөлшер болып табылады және ол қарыз алғанға дейін бір төлеммен төленеді.

Сатып алынатын тұрғын үй орналасқан жер бойынша, сондай-ақ қарыз алушының нақты тіркелген жері бойынша шектеулер белгіленбейді.

Құрылыс салушыдан жаңа салынған, пайдалануға берілген тұрғын үйді ғана сатып алуға болады.

Бұрын алынған ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға рұқсат берілмейді.

Бағдарламаның талаптары және түсініктемелермен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ресми интернет-ресурсында толығырақ танысуға болады.

Кенес алу, түсініктемелер үшін Ұлттық Банкінің Қостанай филиалына Қостанай қ., Баймағамбетов көшесі, 195 мекенжай бойынша, 99-09-13, 99-09-24, 99-09-10 тел., e-mail kost\_80@nationalbank.kz арқылы, сондай-ақ "НБК Online" мобильді қосымша арқылы хабарласуға болады.



## Қызмет аясы кеңейді

БЖЗҚ-ның Қостанай облыстық филиалында бүгін келушілер саны соңғы үш ай ішінде рекордтық көрсеткішке жетті. Қор ұйымдастырған "Ашық есік күніне" 235 салымшылар, алушылар мен зейнетақы саласы туралы кеңірек білгісі келген басқа да азаматтар қатысты. Мұндай шара былтырғы жылдың басынан бастап әрбір тоқсан сайын өткізіліп тұрады. Бұл күні барлық қазақстандықтар БЖЗҚ филиалдарына келіп, республикамыздың зейнетақы жүйесіне қатысты сауалдарына жауап ала алады. Қор жетекшілігі жұртшылықтың бұл шараға деген қызығушылығын ескере отырып, Ашық есік күнін дәстүрлі шараға айналдыруды шешті. Бір жарым жыл ішінде Ашық есік күніне 20 мыңнан астам адам қатысты. Бұл жолы қор қызметкерлері шараға қатысушыларды зейнетақы жарналарының түрлерімен және жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу әдістерімен таныстырды.

Қазіргі таңда Қазақстанда зейнетақы жарналарының 3 түрі бар. Міндетті зейнетақы жарналары азаматтардың, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары жұмыс берушілер тарапынан зиянды жағдайда жұмыс істейтін

жұмыскерлердің есебіне аударылса, үшінші – ерікті зейнетақы түрлері өзінің зейнет жасын жоспарлап, қарттық шақтағы қажеттіліктеріне қаражат жинауға ниетті азаматтарға арналған.

Салымшыларға өздерінің жеке зейнетақы шоттарының жай-күйі туралы біліп отыру да маңызды. Бүгінде бұл туралы білу үшін Қор кеңсесіне бару немесе дәстүрлі пошта байланысымен пайдалану міндетті емес. БЖЗҚ-да көптеген қызмет түрлерін электрондық сервистер арқылы алуға болады. Бұл бағытта жасалған алғашқы кадам электрондық пошта болса, қазір БЖЗҚ салымшылары мен алушылары [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайты жеке кабинет ашуына болады немесе "e-mail-ге ЖЗШ-дан үзінді-көшірме алу" қызметімен; Android, iOS (iPhone, iPad) и Windows Phone операциялық жүйелеріне арналған ENPF мобильді қосымшасымен пайдалана алады. Ал "Цифрлы Қазақстан" ұлттық бағдарламасы электрондық қызмет мүмкіндіктерін кеңейте түсті. EGOV.KZ электрондық үкіметінің порталы арқылы да Қор қызметтерін қолдануға болады.

Ашық есік күні туралы пікірімен шараға зейнетақы шотының жай-күйін білгісі

келген әжесін әкелген Азамат есімді жігіт бөлісті. "Зейнетақы қорының жұмысын мен ескіше түсінетінмін. Ал бүгін мұнда заманауи технологиялар жан-жақты енгізілгенін көріп, таңданып қалдым. Енді әжеме оларды қолдануға көмектесемін. Үйде шәй ішіп отырып-ақ қызмет алатын болады".

Тағы бір қатысушы Қайрат жауапкершілігі шектеулі серіктестікте қызмет етеді екен. "Мен зейнетақы шотым туралы ақпаратты электрондық пошта арқылы алып отырамын. Соңғы үзінді-көшірме келгенде, жұмыс беруші жарнамды уақытылы аудармағанын, бірақ бұны бізден жасырғанын түсіндім. Бүкіл мекемедегі жағдай осындай болып шықты. Біздің талабымыздан кейін жарна аударылды. Енді мен қор сайтында жеке кабинет ашып, жағдайды әрдайым қадағалап отырмақпын. Басқаларға да осындай кеңес беремін. Интернет арқылы қызмет алудың еш қиындығы жоқ, әрі ыңғайлы".

2017 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ операцияларының 52 пайызы электрондық әдіспен көрсетілген. Қордың корпоративтік стратегиясына сай, 2021 жылы бұл көрсеткішті 60 пайызға жеткізу көзделген.

## Автокөлікті онлайн тіркеңіз

## Қымбат

## ДОСЖАНОВА

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы ҚР ПМ және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-мен бірлесіп, электрондық үкімет порталында жаңа сервисті пилоттық режимде іске қосты. Жаңа қызмет бойынша қазақстандықтар автокөліктерін онлайн тәртіпте тіркей алады.

Егер азаматтың электрондық-цифрлық қолтаңбасы болса,

мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы немесе ПМ тіркеу-емтихан бөлімшелеріне бармай-ақ, автокөліктерін электрондық үкімет порталында рәсімдей алады.

"Ведомствоаралық комиссияның аясында біз мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру жұмыстарын жүргізудеміз. Автокөліктерді тіркеу қызметіне деген сұраныс қарқынды түрде өсіп келе жатқандықтан, біз бұл қызметті электрондық нұсқаға ауыстыру туралы ұсыныс жасадық. Бұл

жаңашылдық қызмет алушылардың уақытын үнемдеп қана қоймай, сондай-ақ мамандандырылған ХҚКО-дағы жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Мәселен, біздің корпорация арқылы биылғы бес айда автокөлікті тіркеу және қайта тіркеу бойынша 745 592 қызмет көрсетілді", – деді "Азаматтарға арналған үкімет" басқармасының төрағасы Абылайхан Оспанов.

Портал арқылы өтініш бергенде, ешқандай құжаттың скан-нұсқасын ұсынудың қажеті жоқ,

себебі, қажетті мәліметтердің барлығы ақпараттық жүйелер арқылы алынады. Қызметті онлайн алу үшін [egov.kz](http://egov.kz) порталында авторизациядан өтіп, сатылатын көлік жайлы ақпаратты енгізіп, айыппұлдар мен салық төлемдерін, техникалық жағдайын тексеруге сұраныс жолдау керек. Егер қарыздар болса, электрондық портал арқылы өтеуге болады. Мұнан кейін автокөлікті сатып алушы азамат электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы сатушы

қалдырған өтінішмен танысып, айыппұлдарды тексергеннен кейін нөмір белгісіне, көлік құралын тіркеуге және тіркеу туралы куәлікке төлем жасай алады. Сатып алушы өзінің ЭЦҚ-мен смарт-келісімді растаған соң мамандандырылған ХҚКО-ға нөмір белгісін алып кету үшін ғана келеді. Сондай-ақ, нөмірді үйге жеткізу қызметіне де тапсырыс беруге болады.

Еске сала кетейік, биылғы мамыр айынан бастап ҚР ПМ автокөлікті тіркеу кезіндегі салыстыруды алып тастаған болатын. Енді

есептен шығару немесе көлікті тіркеу кезінде нөмірлік агрегатты тексерудің қажеті жоқ. Мұндай талап тек көлікті алғашқы рет тіркегенде қойылады.

Сондай-ақ жүргізуші куәлігінің мерзімі өткенге дейін ауыстыру немесе жоғалтып алған жағдайда медициналық тексерістен өтудің және психиатр, наркологтан анықтама әкелудің қажеті жоқ. Ал азаматтың ЭЦҚ-сы болса, жүргізуші куәлігін электрондық үкімет порталы арқылы онлайн тәртіпте ауыстыруға болады.



Кенеш ӘЛІМЖАНОВ:

## «Абайды оқыған адаспайды»

– Ал ауыл жастарының жағдайына тоқтала кетсеңіз... Олар көштен қалып жатқан жоқ па?

– Ауыл жастарын қолдауға көп күш жұмсап отырмыз. Қазір Халықаралық қайта құру және даму банкі мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірлескен Zhasproject әлеуметтік жобалар конкурсы басталды. Аталмыш банк бұл үшін алты облысқа 1 млрд теңге бөліп отыр, оның ішінде Қостанай облысы да бар. Жеңімпазға қайтарымсыз 1 млн теңге беріледі. 20 мамырдан 20 маусымға дейін өтініштер қабылданады. Ол үшін жастар бес адамнан тұратын топ құрып, бір әлеуметтік жобаны жазып шығулары тиіс. Тек ниет болса болғаны. Жарты жылдың ішінде ең үздігі таңдап алынса, бір миллион теңге ұтады. Сосын алдағы жарты жылдың ішінде өз бастамасын жүзеге асырады. Кейбіреулер, тіпті, сенбейді. Шынымен, бір миллион ұтып ал, қайтармай-ақ қой. Zhasproject жобасының сайтына кіріп, толық мағлұмат алуына болады.

Қазір «Даму» қорының көмегіне жүгінген әрбір адамның қолында алатын соманың 15 пайызы болса жетеді. Егер оның кәсібіне бір миллион керек болса, өзінде 150 мың теңге болса жетіп жатыр. Бұл, оған деген грант. Бастысы, осы мүмкіндіктерді жіберіп алуға болмайды.

Көбісі мемлекеттен несие алу қиын деп жатады, иә, кейбір кезде үлкен сома алу қиынға соғады. Міне, жаңа мүмкіндіктерге жол ашық. Санадағы сенімсіздіктен арылып, жетістікке ұмтылатын шақ туды. Біреу істеп беруге міндетті емес, әркім өзі үшін күресетін заман. Сенің сәтсіздігіңе сен ғана кінәлісің.

Міне, ауылдағы жастарға осындай жобаларды ұсынып, түсіндіріп жатырмыз. Қазір ауыл мен қала адамдарының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ, бәрінде бірдей мүмкіндік бар. Тек талпыныс болса болғаны.

– «Рухани жаңғыру» нағыз жастарға керек бағдарлама деп отырсыз. Толығырақ айтсаңыз, осының аясында қандай жұмыстар атқарылды және жастарға бағдарламаны қалай түсіндіріп жатырсыздар?

– Жуырда ғана облыстық «Жастар ресурстық орталығы» KostanayPlaza ойын-сауық орталығында «ДомбыраParty» шарасын ұйымдастырды. Өте жоғары деңгейде өтті, көпшіліктің көңілінен шықты. Енді барлық іс-шарада міндетті түрде ұлттық нақыш көрініс табатын болады. Бұған қоса отбасылық көңілді старт ойынын өткіздік. Онда асық ату ойыны көрініс тапты. Міне, осылайша жастарды ұлттық болмысты жоғалтпауға шақырамыз. Бұндай жобалардың ба-

сы-қасында «Серпін» бағдарламасымен келген студенттер көп септігін тигізеді. Қазір Қостанай облысында аталған бағдарлама бойынша екі мыңға жуық студент білім алып жатыр. Олар Арқалықта, Рудныйда және Қостанайдағы мемлекеттік жоғарғы оқу орындарында оқиды.

Қазір басқарма жанынан жаңа жоба құрылды. Оны өткен жылы облыс жастарының «Алтын кітабына» есімі енген Марғұлан Бәкір есімді дарынды жастардың бірі жүргізіп отыр. Ол әр ЖОО-нан көзге түскен белсенді студенттерді жинап, Қостанай облысы аумағындағы киелі жерлерге экспедицияға шығады. Сол мекендерге барып, көзімен көріп, жаңа оқу жылы басталған соң бұның бәрін студенттерге айтатын болады. Кітаптан оқығанмен, барып көргеннің әсері ерекше. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» аясында Челябин мемлекеттік университетінің Қостанай облысындағы филиалының студенті Әлімжан Бауыржан республика бойынша және көршілес Ресейге барып, осы мәселені көтеріп жүр. Ол жақта да қандастарымыз бар, оларға да «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қызықты.

Осындай бастамалар өткізіп, бәрінша түсіндіруге тырысып жатырмыз. Жастармен көп кездесемін. Пікірталас, сұхбат жүргіземін. Қазіргі жастар барды қанағат етіп отыра бермей, үнемі дамып, алға жылжып, бұдан биік нәтижелерге қол жеткізгісі келіп отырады. Мәселен, мен барға қанағат етіп өстім. Өйткені, мүмкіндіктер аз болды. Қазір олай емес. Бүгінгі жастар дамып, өздерін биіктен көргісі келеді. Бұл – дұрыс түсінік. Сосын қазіргі жастар бәсекелестікке қабілетті. Олар білім алуға, тіл үйренуге ұмтылады. «Рухани жаңғыру» деген осы емес пе? Бірақ біреуден бірнәрсені күтіп отыратын жалқау жастардың да бар екені рас. Олар қолынан келмесе, кінәні үнемі өзгелерден іздейді.

Сондықтан, болашақ мамандығы жайында ойланп немесе өз жолын таба алмай жүрген жастарға тоқтап қалмаңдар дегім келеді. Үнемі қозғалыста, ізденісте жүретін жандар ғана жетістікке жетеді. Адам өмір бойы білім алуы керек. Меніңше, қазір тек цифрландыру дәуірі емес, білім дәуірі. Өйткені, білімсіз адам алысқа бара алмайды. Білім-ғылымға жақын балалар бақуатты азамат болып шығады. Мәселен, бір жас жігіт ноу-хау ойлап тапты дерлік. Мүмкін оны өндірісте немесе ауылшаруашылығында қолдануға болар. Сол арқылы мемлекетке миллиондаған табыс кеп түсер. Соның қызығын автор да көреді емес пе?! Сонда қараңыз, ал басқа бір адам ұзақ жылдар тер төгіп, еңбек етеді, салық төлейді, жұмысшы ұстайды, шығын кетіп отырады. Ал ғылым жолындағы бір адам мың адамның жұмысын істеп, еш шығынсыз табыс табады. Бүгінгі күні білім – басты байлық.

Қай кезді алып қарасаңыз да қоғамның қозғаушы күші – жастар. Демек, бүгінгі һәм ертеңгі күн де солардың қолында. Болашақ тұтқасын ұстаған жандардың бүгінгі хал-күйі, беталысы қалай? Олар не істеп, не қойып жүр? Бұның бәрін білмек үшін облыстық Жастар саясаты басқармасының басшысы Кенеш Әлімжановпен тілдесіп көрдік.

– Кенеш Ғанибекұлы, Қостанай жастарының тыныс-тіршілігі қалай? Қазіргі таңда қандай іс тындырып жатырсыздар?

– Қостанай облысында 185 мың жас бар. Әр қала мен аудан орталығында «Жастар ресурстық орталығы» жұмыс істейді. Олар кез келген уақытта жастарға көмектесуге әзір. Сонымен қатар, жастардың жұмысқа орналасуына, уақытын қызықты өткізуіне себеп болуға тырысамыз. Біздің мақсат – түрлі мүмкіндік пен мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіріп, бағыт-бағдар көрсету. Сондай-ақ, ол жерде заңгерлер, психолог мамандары бар. Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша 3 мыңнан астам адам осы орталық арқылы екі қолға бір күрек тауып отыр. Біз жұмысқа тұрғызамыз деп уәде бермейміз, тек қай жақта қандай жұмыс бар содан хабардар етіп отырамыз.

Қазіргі таңда со-working-орталықтар көптеп ашылып жатыр. Бұл тәуелсіз бола отырып, өздерінің іс-әрекеттері үшін ортақ кеңістікті қолданатын қатысушылардың жұмыс моделі. Коуоркинг фрилансерлер, қашықтықтағы қызметкерлердің, мысалы, аудармашылар, бағдарламашылар, сәнгерлер және бастауыш кәсіпкерлердің арасында өте танымал. Коуоркинг үйде және жеке кеңсенің арасындағы жұмыс істеу алаңы іспеттес. Барлығына ортақ, кез келген адам келіп, өз жұмысын істей алады. Мұнда тегін Wi-Fi бар, міндетті түрде компьютермен жабдықталған, барлық кеңсе тауарлары табылады. Яғни, жастар өздерінің жобаларын жазып, пікір алмасатын орта құру. Біз бұл орталықтарды бөлек ғимаратта емес, кітапханалардың ішінде ашуды жөн санадық. Қазір интернет, технологияның заманы, дегенмен, қай уақытта

болмасын адам баласы кітап оқу керек. Сондықтан, жастарды кітапханаға шақырудың тиімді жолы болмақ. Болашақта жас дарындардың бас қосатын жеріне айналады деген үміт зор.

Бұл күндері «Мен еріктімін» жобасы жақсы жұмыс істеп тұр. Әр ауданда штаб құрылды. Оларды оқытып, бірқатар тапсырма бердік. Жобаның әрбір қатысушысы, алдымен, мұқтаж жандарға қол ұшын созуға әзір болу керек. Жуырда «Жақсылық айы» акциясы аясында олар 2700 келі қажетті зат пен 541 кітап жинады. Оның барлығын жұртқа таратып беріп, игі іс жасады. Бұдан бөлек, қыс бойы «Қар десанты» жобасымен жастар ардагерлердің ауласын тазартып, көмек көрсеткен еді. Айта берсе, мұндай істер баршылық. Бастысы, оларды еңбекке және қайырымдылыққа үйрету. Қазір 1684 қыз-жігіт ерікті болып жүр. Соның бәрі уақыт өте келе жетістікке жететініне сенімдімін. Өйткені, олар қазірден бастап қоғамға көмектесуге, еңбекке жақын. Қазақ халқы «еңбек – бәрін жеңбек» деп беркер айтпайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы, бірінші кезекте, осы жастарға қажетті дүние. Бүгіндері барлық ЖОО-да жобалық кеңселерді іске қостық. Ол да өз жемісін беріп жатыр деп айта аламын. Жұмысқа құлшынып тұрған жастардың басын біріктірді. Олар Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын тек түсіндіріп қана қоймай, өз жұмыстары арқылы үлгі көрсетіп отыр. Мәселен, кәсіпкерлік жөнінен республикадағы ең үздік 16 университеттің тізіміне енген ҚИНЭУ-нің базасында StartUP академия ашылды. Жастар үнемі бас қосып, өздерінің бизнес жобаларын ортаға салды. Нәтижесінде оларға қаржылай қолдау көрсетілді. Осылайша, олар бизнестегі алғашқы қадамдарын жасайды. Бастысы, жастарды кәсіппен шұғылдануға итермелеу. Сондай-ақ, ҚИНЭУ базасында республикалық «Менің арманым...» StartUP жобалар жарысының іріктеу кезеңі өтті. Бұған да біздің жастар өте белсенді қатысты. Екі жүзден астам жоба әкелінді. Оның 32-сі үздік деп танылып, республикаға жол тартты. Жуық күндері біздің жастар ақтық сында бақ сынамақ. Бұл заман – кәсіпкерлік заманы десек болады. Сондықтан, студенттерді соған қарай бейімдеу бірінші тұрған мәселе. Кез келген білім алушы өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмаса, ол өзін бизнесте сынап көре алады.

– **Өзекті мәселелердің бірі – суицид. Осы бір кеселден құтылу үшін не істеу керек деп ойлайсыз?**

– Өте орынды сұрақ қойып отырсыз. Бұл туралы айтылу керек және кәсіби мамандарды сөйлеткен дұрыс. Өйткені, тек кәсіби мамандар ғана дұрыс бағасын бере алады. Әр адаммен жеке жұмыс істеу керек. Біріншіден, бұл отбасы проблемасы. Мұндай жағдай көбінесе отбасыдағы келіспеушіліктен туады. Әуел бастан сауатты психологтарға жүгінген жөн. Жоғарыда айтып өткенімдей, біздегі «Жастар ресурстық орталықтарының» барлығында да психолог мамандар жұмыс істейді. Міне, біз осындай оқиғалардың алдын алу керектігін түсіндік.

Сондай-ақ, бұл мәселемен тек бір ғана мекеме емес, бірнеше тараптың басы біріксе жақсы болар еді. Яғни, жасөспірімнің денсаулығымен дәрігерлер, дұрыс ой-сананы қалыптастыру үшін психолог мамандар шұғылданысын. Міндетті түрде спортқа баулу керек. Ол үшін белгілі спортшылар жастармен жиі

кітап менің өмірлік ұстанымымды айқындап береді. Бұл жетістікке жетудің бірден бір жолы.

Жалпы, адам баласы кітап оқу керек. Қазіргі жастар оқиды, бірақ кітаптан емес, электронды нұсқадан оқуы мүмкін, әйтеуір оқып жүргені қуантады.

Басқа шетелдік жазушыларды оқудың қажеті шамалы, қазақ үшін бақыт-байлық бәрі Абайдың қара сөздерінде және «Рухани жаңғыру» бағдарламасында жазылған. Иә, ойлау қабілетін арттыру үшін басқа авторларды оқуға болады. Мәселен, бизнес бастау үшін, мансап жайында, бірақ, олар қазақ қоғамындағы отбасы бақытын жеткізе алмайды.

Сен өз ұлтыңның дәстүрін ұстанып, ата-бабаң көрсеткен түзу жолдан таймай еңбек етсең, сен сөзсіз бақыттысың. Таңертең тұрып, қайда барарыңды білсең – жақсы, ал егер бағытың болмаса, әрине, проблема болады. Проблема өзгеде емес, сенде болады. Ұйықтар алдында өткен күнге есеп беріп, ертеңгі күнге жоспар құрып,



кездесіп тұрса жөн болар еді. «Жастар ресурстық орталығы» олардың жарқын өмір сүруіне, үнемі ізденісте болуына көмектесу керек. Міне, біз жұдырықтай жұмыла кетсек, мұндай оқиғалар азаяр еді деп ойлаймын.

Ал ең басытысы, тағы да қайталап айтайын, отбасы берекелі-мерекелі болу керек. Отбасы берік болса, Отан да берік болады. Ол үшін қазақстандық қоғам рухани жаңғыруы керек, сананы ояту керек. Елбасы өз мақаласында өте керемет айтты. Бұл – бүкіл саланы қамтитын бағдарлама. Адамзат басты құндылықтарды ұғыну қажет.

– **Өзіңіз жастарға қандай ақыл айтасыз? Жетістікке жетудің сыры неде деп тұжырымдайсыз, жалпы?**

– Жастарға Абайдың қара сөздерін оқуға кеңес берер едім, тіпті жаттап алса, артық болмас. Тұтас Қазақстан Абайды оқыса, өмірдің мәнін түсінер еді, өзінің сұрақтарына жауап табар еді. Не істеу керек? Қайда бару керек? Қоршаған ортаға қалай қарау керек? Мемлекетті қалай сүю керек? Бәрі-бәріне жауап табады. Тек түсініп оқып, амал жасау керек. Мен өзіме қажетті жерлердің астын сызып, қайталап оқимын. Бастысы, оны түсінген жөн, жай оқып шығуға болмайды. Әр сөз жеке талдауды қажет етеді. Себебі, кейбір сұрақтарға бірден жауап таба алмайсың. Кейде ақсақалдардан, ата-аналардан барып сұраған дұрыс. Тіпті, олар да жауап бере алмауы мүмкін. Ондайда ғалымдардан да сұраған артық етпес. Сосын менің алдымда ҚР Конституциясы жатыр. Міне, осы екі

келесі күні соны іске асырыңдар деп кеңес берер едім.

Мен шетелдік тұлғалардан Уинстон Черчилльді оқимын. Ол былай дейді: «Үнемі күмәндану үрейге айналады, ал үрей – армандардың орындалуына кедергі». Сосын адам бәріне өкпелеумен өмірден өтеді. «Бұрын солай істегенде не болар еді?» деген сұрқпен өз-өзін мазалаумен болады. Сондықтан, көп ойланбай іске кірісу керек, мүмкін қателесерміз, бірақ жалғастыра береміз.

– **Біраз нәрсе айтылды, көп мәселе қозғалды деп ойлаймын. Енді әңгімемізді түйінделік...**

– Абай айтпақшы, жастар бірінші кезекке ақшаны, дүние-мүлікті, билікті қоймасын. Олар өмір жолын бастағанда еңбекті бірінші қою керек. Сонда ғана адам жетістікке жетеді. Бақ-дәулет көкпен түспейді. Бәрі еңбекпен келеді. Бір рет менен: «Сіздің түсінігіңізде патриот деген кім?», – деп сұрады. Патриот – жұмыстан қашпайтын жан дер едім. Еңбек адамы. Алтынсарин ауданындағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жандарбек Сейітов ағамыз үнемі: «Жұмыстан соң үстіндегі жеңденнің терін сығып алатындай еңбек ету керек», – деп айтып отыратын. Яғни, бар күшіңді аямай, тынымсыз жұмыс істеу керек. Міне, осы сөз менің әлі күнге дейін санамда. Маңдай тердің арқасында ғана адам жетістікке жетеді.

Сұхбаттасқан  
Кенже ҚОНЫСБАЙ.

Суреттерді түсірген  
Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

**Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы басшылығымен 2018 жылғы 3 тоқсанда жеке қабылдау кестесі**

Лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты	Қабылдау күні, уақыты	Қызметтік телефон	Басқарманың орналасқан жері
Басшының м.а.	Жұрқабаев Марат Кенжебекұлы	15.00-17.00 сейсенбі	575-190	Қостанай қ. Әл-Фараби даңғ., 66, каб. 501
Басшының орынбасары	Байменова Зауре Әнуарбекқызы	15.00-17.00 сәрсенбі	575-191	Қостанай қ. Әл-Фараби даңғ., 66, каб. 512
Басшының орынбасары	Растагаева Марина Александровна	15.00-17.00 бейсенбі	575-352	Қостанай қ. Әл-Фараби даңғ., 66, каб. 510

Сенім телефоны: 575-192

**График приема физических и юридических лиц руководством управления внутренней политики акимата Костанайской области в 3 квартале 2018 года**

Должность	Фамилия, имя, отчество	Дни время приема	Служебный телефон	Местонахождение управления
И.о. руководителя	Журкабаев Марат Кенжебекович	15.00-17.00 вторник	575-190	г. Костанай пр. Аль-Фараби, 66, каб. 501
Заместитель руководителя	Байменова Зауре Ануарбековна	15.00-17.00 среда	575-191	г. Костанай пр. Аль-Фараби, 66, каб. 512
Заместитель руководителя	Растагаева Марина Александровна	15.00-17.00 четверг	575-352	г. Костанай пр. Аль-Фараби, 66, каб. 510

Телефон доверия: 575-192

**«Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы» ММ басшыларының 2018 жылғы 3 тоқсандағы жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасу мекенжайы	Байланыс телефоны
«Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы» ММ	Мендекинова Гүлжан Ермашқызы	«Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы» ММ басшысы	Сәрсенбі сағат 14.30-18.30 дейін	Қостанай қ. Гоголь көш., 75, 226 каб.	50-19-44
	Ахметов Қазымбек Жармағанбетұлы	«Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы» ММ басшысының орынбасары	Сейсенбі сағат 14.30-18.30 дейін	Қостанай қ. Гоголь көш., 75, 230 каб.	

«Мемлекеттік органның орналасу мекенжайы: Қостанай қ., Гоголь көш. 75. Байланыс телефоны 50-19-44.

Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы» ММ мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша келесі мекенжайға хабарласуыңызды сұрайды. Сенім телефоны 50-19-44.

**График приема физических лиц и представителей юридических лиц руководителями ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области» на 3 квартал 2018 года**

Наименование государственного органа	ФИО лица проводящего прием граждан	Должность проводящего прием граждан	Дата и время приема граждан	Местонахождение государственного органа	Контактный телефон
ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области»	Мендекинова Гульжан Ермашевна	Руководитель ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области»	Среда с 14.30 до 18.30	г.Костанай ул. Гоголя 75, кабинет 226	50-19-44
	Ахметов Казымбек Жармағанбетович	Заместитель руководителя ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области»	Вторник с 14.30 до 18.30	г.Костанай ул. Гоголя 75, кабинет 230	

Местонахождение государственного органа: г.Костанай, ул.Гоголя, 75. Контактный телефон 50-19-44.

По вопросам нарушения этического кодекса государственными служащими ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области» просим обращаться по телефону доверия 50-19-44.

*Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі 2018 жылғы 1 шілдеден бастап ҰЕҰ-ға арналған сыйлықақыны беру үшін өтінімдерді қабылдайды.*

Сыйлықақы әлеуметтік міндеттерді шешуге айтарлықтай үлес қосқан үкіметтік емес ұйымдарға 15 бағыт бойынша беріледі.

Байқауға Қазақстан Республикасында тіркелген және Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына мәліметтер ұсынған үкіметтік емес ұйымдар қатыса алады.

Толығырақ ақпаратты Министрліктің [www.diakom.gov.kz](http://www.diakom.gov.kz) сайтынан, сондай-ақ +7 (7172) 74 05 11, 74 09 97 байланыс телефондары арқылы алуға болады.

**Жұдырық түйістіреді**

18-22-ші шілде аралығында Қостанай қаласындағы Спорт сарайында бокстан жарыс өтеді. Орал және Қорған Әйтемовтерді еске алуға арналған 19-ші халықаралық турнирге Қазақстан және алыс-жақын шет елдердің былғары қолғап шеберлері бақ сынасады. Турнирдің ашылу салтанаты 18-ші шілде күні сағат 15:00-де өтеді.

Ұйымдастыру комитеті спорттық жарысты тамашалаймын деушілерге есік ашық.



## Біз – бақытты баламыз

Кезекті оқу жылы аяқтала салысымен балалар жазғы демалысты қызықты өткізуге асығады. Олар үшін жазғы лагерь таптырмас көңілді демалыс орны екендігі сөзсіз. Иә, мұнда жаңа достар да, көңілді ойындар да, қызықты жарыстар да, ән де, би де барлығы бар. Балаларға биыл кезекті рет есігін айқара ашқан Ақкөл ауылындағы "Айгөлек" жазғы сауықтыру лагерінде балалар бос уақыттарын көңілді өткізді.

Лагерде психолог, әлеуметтік педагог, дене шынықтыру, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері мен тәрбиешілері бар. Тәрбиешілер Боранкүл Ахметова

мен Мирамкүл Нұрмұханбетованың ұйымдастыруымен "Алтын қақпа" зияткерлік ойыны өтіп, Сабина Құрманғали жеңімпаз атанды. Оқушылар арасында өткен "Ойнайық та, ойлайық" мақал-мәтел, жұмбақ сайыстарында ұшқырлық танытқан Аяжан Ғазез жеңімпаз атанды. "Кішкентай арулар" сайысы өтті. Сайыс бірнеше кезеңнен тұрды. Өнерпаздарымыз өз өнерін көрсетіп, түрлі кезеңдер бойынша тапсырмаларды орындады. Сонымен қатар, ағылшын тілін меңгеруге арналған үйірме де үздіксіз оқытуда. Бұл үйірменің мектептегі ағылшын пәнінен ерекшелігі – мұнда сабақтардың ойын түрінде ғана жүргізілетіндігінде. Ағылшын тілі

пәнінің мұғалімі Гүлмира Жақыпованың ұйымдастыруымен "Менің отбасым", "Көңіл-күй", "Менің бөлmem" тақырыбында танымдық сабақтар өтті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сатай Әсет күнделікті спорттық шаралар өткізіп отырды. Атап айтар болсақ, "Таутеке", "Қазаншұңқыр", "Толағай", "Теңге алу" ойындары жақсы деңгейде өтті. Балалар ата-аналарының демеуімен біркүндік жорыққа шығып, табиғат аясында демалды.

**Сабина ҚҰРМАНҒАЛИ, Аяжан ҒАЗЕЗ, А.Қоңқабаев атындағы орта мектептің оқушылары.**

Жанкелдин ауданы, Ақкөл ауылы.

## ЖАҒДАЯТ

### Суға түскенде сақ бол!

Солтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағының қызметкерлері Федоров ауданындағы "Болашақ", Лисаков қаласындағы "Алый парус", Алтынсарин ауданындағы "Алтынгүл", Қарабалық ауданындағы "Достық", Денисов ауданындағы "Солнечный" балалар сауықтыру лагерьлерінде профилактикалық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Құтқарушылар балаларға су айдыны маңында өздерін қалай ұстау керектігін үйретіп, қауіпсіздік ережелерін түсіндірді: – 18 жасқа толмаған балаларға үлкендердің қарауынсыз су айдынында және оның маңында болуларына тыйым салынады. Суға арнайы жабдықталған орындарда ғана түскен дұрыс. Шомылу алдында организмді төмен температураға дайындау (демалу,



кеуде маңын, басты салқын сумен шылау) керек. Суға алғаш түскенде 5 минут, қалған уақыттарда 10-15 минут жеткілікті. Бір-біріңізді суға итеруге болмайды, адам бейғам тұрған сәтте суға түсіп кетсе, есінен танып қалуы ықтимал, – дейді мамандар.

Құтқарушылар теориялық білімнен соң балаларға құтқару кеудешелері мен шеңберлерді қолдануды

үйретті. Балалар ақпаратты қызығушылықпен қабылдады: көбісі сабаққа белсенді қатысты және құтқарушыларға техникалық қауіпсіздік бойынша өз сұрақтарын қойды. Жалпы іс-шараға 525 бала жұмылдырылды.

**"ҚР ІІМ ТЖК Солтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы" ММ (Қостанай қ.).**

## ЖАС ҰРПАҚ

### Бала денсаулығы – басты назарда

"Салауатты өмір салтын насихаттау, дені сау ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы."

**Нұрсұлтан Назарбаев.**

Бүгінгі күні адам денсаулығына және психикасына кері әсерін келтіретін дүниелер аз емес. Бұндай нәрселер әсіресе, кішкентай балаларға қаты әсер етеді. Бұл қауіпке тек дені сау балалар ғана төтеп бере алады. Осыған байланысты №13 балабақшасында жаңартылған білім беру талаптарына сай, жақсы жабдықталған дене шынықтыру залы, аулада спорт және ойын алаңдары бар. Оларда түрлі жарыстар, әр бағыттағы спорттық ойындар жиі өтіп тұрады. Күнде таңертең балалар дене шынықтыру жаттығуларын жасайды. Осы іс-әрекеттер барысында олардың дене бітімі дұрыс қалыптасып, іс-қимылдары жетіліп, бұлшық еттері қатая түспек.

Түскі үйкідан соң балақайлар бірнеше дене жаттығуларын жасайды. Содай-ақ, балабақша медбикесі балаларға әртүрлі емдік қасиеттері бар шөптерден сусындар (фито-бар) жасап береді. Сонымен қатар, балабақшада ата-аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойындар балалардың ой-санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан-



Қазақтың кеменгер ақыны Мағжан Жұмабаев: "Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене – жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі заты берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құралы мықты болса, иесі де мықты. Сау жан – сау денеден ғана болады" – деген.

Сондықтан да бұлдіршіндер ағзасының жақсы жұмыс істеуі, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын



жақты жетілуіне әсер етеді. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада "Шынықсаң, шымыр бола-сың", "Көңілді достар", "Кім жылдам?" деген топ арасындағы эстафеталық ойындар өткізіледі. Әр сабақ жан-жақты талқыла-нып, кем-кетігі болса толықтырылып, баланың толыққанды өсіп-өнуі мүк-ият қадағаланады.

дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру – балабақшаның негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.

**Н.СҮЙІНДІКОВА, А.ҚОЗБАҚОВА, У.ӘБІЛТАЕВА, Қостанай қаласы әкімдігінің №13 бөбекжай-бақшасының тәрбиешілері.**

### "Қауіпсіз демалыс"

Балаларды өрт қауіпсіздік қағидаларына оқыту жастайынан басталуы тиіс. Жітіқара ауданының азаматтық қорғау гарнизонының қызметкерлері оқушылармен жыл бойы профилактикалық жұмыстарды өткізеді.

"Қауіпсіз демалыс" жазғы акциясы шеңберінде, олар Жітіқара қ. №5 Өрт сөндіру бөлімінде "№12 орта мектебінің" жазғы мектепалды лагерінде демалушы оқушылар үшін экскурсия ұйымдастырды.

Өрт сөндірушілермен кездесу барысында балалардағы ең үлкен қызығушылық техникалар мен құралдарды көрсетуде байқалды. Балалар өрт сөндіру автокөліктеріне отырып, кейбіреулері өрт сөндірушінің жауынгерлік киім-кешектерін киіп көрді. Сондай-ақ балаларға арналған өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы нұсқаулық



өткізілді. Жеке мысал ретінде балаларға өрттер туралы, жергілікті өртпен күресушілер қатысқан, өрттерді жою жөнінде әңгімеледі және олардың туындау себептері айтылды.

Экскурсия соңында балалар өрт сөндірушілер жаттығатын мұнарадағы өздерінің адамдарды құтқарудағы шеберлігін қалай атқаратындығына куә болды. Ол терезелі үш

қабатты үйдің қабырғасын сипаттайды. Өртпен күресушілер шабуыл сатысымен жоғарыға көтерілді, сондай-ақ үш буынды сатының көмегімен үшінші қабатқа өрледі және ғимараттан құтқару арқанымен тысқа шықты.

**С.ЖАРҒАҚОВ, Қостанай облысының ТЖД Жітіқара ауданының ТЖБ инженері.**

Қазақстандағы ұндарды фортификациялау

Барша жұртқа мәлім, әлемдегі астық мәдениетінің маңыздысы барша адамдардың тұтынуына арналған бидай болып табылады.

орындармен жоғары және бірінші сорттағы бидай ұндарының қосымша дәрумендер мен минералдармен байытылуы.

масын енгізді. Халық денсаулығын сақтауға витаминдер мен микроэлементтерді барынша тамақтану өнімдеріне, ұннан пісірілген тағамдарға қосу ерекше пайдалы.

А.ТАСКИМБАЕВА, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау Департаментінің Рудный қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" РММ бас маманы.

Нитратсыз өсімдіктер жоқ!

Кейбіреулер өзінгі учаскесінде тек қана пайдалы көкөністер өсіреді, сондықтан өзін химиядан аулақ деп сендіреді. Бекер! Бұл өзін-өзі алдау.

дарға, қауындарға, томаттарға және т.б. қара түссе, барлығы бұзылғандығы туралы белгі береді. Яғни, азыққа қара түскен уақытта, оны пайдаланудың қажеті жоқ, тасма пастасын дайындау немесе повидло жасау кезінде ұытты заттар толығымен қайнаған уақытта зарарсыздандырылмайды.

паны төгіп, ондағы микроэлементтердің көбісін жоғалтамыз, бірақ бұл да сақтанудың келілі. Бұрынғы уақытта жеміс болсын, көкөніс болсын, оның сыртын тазарту кезінде пайдалы дәрумендер жойылады дейтін, қазіргі таңда керісінше, бақтар мен бақшаларда қышқыл жаңбырлардың, ауаның ластануынан тазартуды талап етудің мәні бар.

Нитраттардан мүлдем құтылу қажет пе? Тәжірибеде бұл мүмкін емес, ал теория жүзінде зиян. Біз нитраттарды жоюмыз деп, барша дәрумендерден айрылуымыз ықтимал. Сондықтан ақылмен шешейік. Көбірек қара, қызыл қарақаттар, басқа да дәруменге толы, жидектер мен жемістерді пайдаға асырыңыз, онда нитраттар жоқ, көк шай ішіңіздер – бұл барлық нитраттарды жойып, ағзаны қалыпқа келтіреді.

А.МАНАУБАЕВА, "ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Рудный қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының" бас маманы.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу



Қостанай облысы, Қамысты ауданында дүниеге келген асыл жар, асқар таудай әкеміз, сүйікті атамыз Жақабай Әлімұлының дүниеден озғанына 6-ші шілде күні қырық күн толады.

Қырық күн өтті, сен жоқсың арамызда, Сен едің ғой қамқоршы, панамыз да. Аңқылдаған ақкөңіл жайдарлы-ай, Сағынышпен сені еске аламыз да. Асқар таудай ақиық қамқоршы едің, Біздер үшін төгілген маңдай терің. Бір Алладан ендігі тілеріміз. Жайлы болсын, әкетай, жатқан жерің. Еске алушылар: жұбайы, балалары, күйеу баласы, келіндері, немерелері, шөберелері.

6-шы шілде күні сағат 12.00-де асқар таудай әкеміз Жақабай Әлімұлының қырық беріледі. Өтетін орны: Қостанай қаласы, "Сұлтан сарайы" мейрамханасы (Федоров тасжолы, Авиационный көшесі, 110).

Сағынышпен еске аламыз



Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы, Торғай селосында дүниеге келген асқар таудай әкеміз Бермағамбет Шәріп Әлмағамбетұлы 2017 жылдың 24 тамызында дүниеден өтті.

Әкеміздің о дүниелік болғанына да 1 жыл болды. Асқар таудай әкемізден айырылып, қанатымыз қайырылып қалғандай күйде қалдық. Әлі де көз алдымызда күлімдеп тұрғаны, ақырын ғана ақылын айтатыны, немерелерін еркелететіні кетпейді. Анамыз Сүлейменова Маржанкүл Мәлікқызы екеуі 10 құрсақ көтеріп, 45 жыл бірге бақытты өмір сүрді. Ұлдарын уяға, қыздарын қияға қондырған жандар еді. Анамыз Сүлейменова Маржанкүл Мәлікқызының да өмірден өткеніне 2 шілдеде 4 жыл болды. Артында қалған ұрпақтары сағынышпен еске ала отырып, әкеміз бен анамызды сағына отырып, мына өлең шумағын жазып отырмыз.

Еркелетіп өсірген ата-анамның, Жылы жүзін ерқашан еске аламыз! Есейіп біраз жасқа келсек-дағы, Сағыныштан көзімізге жас аламыз.

Тірі жүрсендер қуанып әр сәтімізге, Жатар едіңдер, терімізде ақ көрпеді. Шынтағында құс жастық, уайымсыз, Бақыт деген осы екен деп бұ дүниеде!

Құлдығың боп өтейін өмірлік деп, Отырушы едіңдер қылықтарымызға мәз боп күліп. "Қара қызым" деп еркелеткен ақ қызыңа, Жүрсіндер қазір түсімізге түнде кіріп.

Біз де асқар тау әкеміз бен анамыздың атына кір келтірмей, үйреткендерін, берген білімдерін, тәрбиелерін ұмытпаймыз.

Жарқын бейнең әке, мәңгі балаларыңның, немерелеріңнің жүрегінде мәңгі қалады. Әкемізді сағынышпен еске алып, рухына Құран бағыштаудан басқа шара жоқ. Оқыған дұғамыз қабыл болып, әкем мен анамыздың жаны жұмақта болғай!

Еске алушылар: балалары, немерелері. Әкеміздің жылы 14 шілде сағат 12:00-де Науырзым ауданы, Қараменді ауылында, "Айман-Шолпан" мейрамханасында өтеді.

Замшихин Юрий Александровичтің сенімді тұлғасы Лаптев Михаил Анатольевич кепілдік мүлкітін соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Алешин селолық округі аумағында орналасқан, шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер телімдеріне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Доверенное лицо Замшихина Юрия Александровича Лаптев Михаил Анатольевич в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по реализации права временного долгосрочного землепользования на земельные участки, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, расположенные на территории Алешинского сельского округа, Мендыкаринского района, Қостанайской области.

"Ермуханов Кенес Айтшibaевич" шаруа қожалығының сенімді тұлғасы – Кенжебаев Берик Шакиржанович кепілдік мүлкітін сот қарауынан тыс өткізу тәртібінде Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Раздольное ауылы аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-186-009-130, алаңы 48,0 га, жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Доверенное лицо крестьянского хозяйства "Ермуханов Кенес Айтшibaевич" – Кенжебаев Берик Шакиржанович в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельный участок, расположенный на территории села Раздольное (за пределами черты населенного пункта) Наурузумского района, Қостанайской области, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства с кадастровым №12-186-009-130, общей площадью – 48,0 га.

Кейіннен сатып алу құқығымен "Тазалық-2012" ЖШС жарғы капиталының 100 % үлесін сенімгерлікке басқаруға беру туралы 2018 жылғы 3 шілдеге сағат 10.00-ге белгіленген тендері Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 26 маусымдағы ұйғарымымен тоқтатылды.

"Тимотин Сергей Николаевич" ШҚ басшысы С.Н.Тимотиннің сенімді тұлғасы А.М. Кудербекова кепілдік мүлкітін соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Алешин селолық округі аумағында орналасқан, мақсаттық нысаны – шаруа қожалығын жүргізуге арналған, кадастрлік нөмірі 12-185-026-346, өлшемі 115,0 га бөлінетін жер теліміне 24.01.2050 жылға дейінгі мерзімге уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Тендер по передаче в доверительное управление с правом последующего выкупа 100% доли в уставном капитале ТОО "Тазалық-2012", назначенный на 10:00 часов 3 июля 2018 года, приостановлен определением специализированного межрайонного экономического суда Қостанайской области от 26 июня 2018 года.

Доверенное лицо Главы КХ "Тимотин Сергей Николаевич" Тимотина С.Н. Кудербекова А.М. в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного долгосрочного землепользования сроком до 24.01.2050 года на делимый земельный участок с кадастровым номером 12-185-026-346, площадью 115,0 га, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства, расположенный на территории Алешинского сельского округа, Мендыкаринского района, Қостанайской области.

ОҚИҒА

Сәбиін тастап кеткен әйел табылды

Қостанай автовокзалындағы ана мен бала бөлмесіне бір жарым жасар сәбиін қалдырып кеткен безбүйрек ана табылды, деп хабарлайды облыстық ПД баспасөз қызметі. Ведомство берген мәліметтерге сүйенсек, Қостанай қаласы ПБ қызметкерлері баласын автовокзалда тас-

тап кеткен 22 жастағы әйелді Астана қаласынан тапты. Бұл факті бойынша ҚР ҚК-нің 119-бабымен (Қауіпті жағдайда қалдыру) қылмыстық іс қозғалды. Еске салсақ, 17 маусымда кешкі сағат 20.30 шамасында "102" пультіне автовокзалдағы ана мен бала бөлмесінде сәбидің жалғыз

жатқаны туралы ақпарат түскен болатын. Оқиға болған жерге ювеналды полиция және жедел қызмет мамандары аттанды. Сәбиді ғимарат күзетшілері байқаған. Қазір ол қаладағы "Дельфин" балалар үйінің қамқорлығында.

Ш.АНСАҒАНҚЫЗЫ.

Қостанай облыстық ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының қатысушысы Хасан Түгелбайұлы Түгелбаевтың қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Құлабаев жазба айтыстың жеңімпазы атанып, 100 мың теңгеге ие болды.

Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, әнші-сазгер Қалибек Деріпсалдин бастап, Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның әншілері мен домбырашылары, біріккен домбырашылар оркестрі, ҚР ПМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қазақ ұлт-аспаптар ансамблі, «Жұлдыз» домбырашылар студиясы мерекелік думанға ерекше дайындықпен келіпті.

Бұл кеш домбыраның құрметіне арналғандықтан, бағдарлама арасында көрерменге баба аспабымызға қатысты сұрақтар қойылып, оған жауап бергендерге естелік сыйлықтар тапсырылып отырғанын айта кетейік. Ал жиналғандарға «еркін микрофон» ұсынылған кезде домбыра көтерген жас-кәрі сахнаны толтырып кетті.

# Төрлет, домбыра-құдірет!

**1-бет.** Қостанай да бұл мерекені жоғары деңгейде өткізді десек, артық емес. «Домбыра-думан» атауымен Тобыл жағалауын жаңғыртырған айтулы шара еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін дүйім жұрттың басын қосты. Өңіріміздің аудан-қалалары, ауылдарынан, тіпті, басқа облыстардан келген меймандар көрермен отыратын орынды толтырып тастады. Баба мұраға деген құрмет қандай деңгейдегі!

Құлпыртып бәйшешекті кетті шалқып, Аққудай көкте күйлеп, көлде қалқып. Ақтарып, лекілдетіп, лепілдетіп, Талдырып,

тамшылатып сығып сарқып. Біресе ағытылып күй сылдырлап, Тербетіп тыңдағанның көңілін ырғап, Бұлақтай таудан тасып, тастан орғып, Аңқылдап жатыр жосып сайды құлдап. Илияс Жансүгіровтің атақты

«Күйші» поэмасы құдірет сарынын осылай бейнелепті. Ал сонау Шыңғыс хан заманынан жеткен «Ақсақ құлан» аңыздығы трагедиялық баянды айтсаңызшы. Дәл осы тарихи оқиға думанды кештің басын театрландырылған көрініспен ашып бергенін айтып өтейік.

Қазақта бүгінгі күнге дейін жеткен төрт жарым мың күй болса, оның мыңға жуығы Шыңғыс қаған дәуіріне дейін шығарылған екен. Бұл да домбыра тарихының, ән-күй, жыр тарихының тамыры тереңде жатқанының дәлелі. Ал атақты Абылай ханның он екі күй шығарғанын біреу білсе, біреу білмес. Бұл арналы аспабымыз жайында ел ағасы, мемлекет және қоғам қайраткері Кенжебек Укиннің айтқаны.

Ал сол домбыраның сыртқы бейнесін ғана емес, бүкіл бөлік-детальдарына дейін білетін, осы ұлы аспаптың талайын өз қолынан шығарған өлең падишалары кемде-кем. Осындай бес саусағынан өнер тамған ақын, ғалым, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, халықаралық мұшайра жүлделерінің иегері Серікбай Оспанұлы мен ақын Нағашыбай Мұқатовтың домбыра жайында өлең толғаныстары көпшілікке оқылды.

Сонау сак, ғұн дәуірінен Күлтегін, Кет-

бұға, Асанқайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Махамбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет заманына жетіп, бүгінгі ұрпаққа баға жетпес рухани мирас болып келген баба аспабымыз әлем елдерінің ең ежелгі мұрасы ретінде ЮНЕСКО тізіміне еніп отыр. Домбыра дәуірі қайта жаңғырып келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Боллашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында атап өткендей, тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы да осы төл аспабымызды төрге шығарумен тікелей байланысты болмақ. Қостанай қаласының әкімі Базыл Жақыпов өзінің құттықтау сөзінде Ұлттық домбыра күні мерекесі рухани жаңғыру жолында тұрған Ұлы Дала жұртына зор сілкініс әкелгенін атап өтті.

Домбыраның тілін оны бала күнінен

жырға қоспаған ақын жоқ шығар, сірә. Думанды кеште белгілі айтыскер ақын Тоба Өтепбаев жырдан арнау төксе, қамыстылық Әсем Қажиева мен Таран ауданынан келген Мамай Ізтілеу өлеңнен сөз қағыстырып, жиналғандарды бір көтеріп тастады. Ал кештің қонағы «Мен Қазақпын» халықаралық телевизиялық мегажобаның үздік аймақтық күй аталымында жеңіске жеткен аркалықтық Ерлан Шәкіров пен Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның домбырашысы Мұрат Хамитовтың күй тартысы қиқуға ұласып кетті. Сөз жарысы мен күй тартысы ән айтысқа ұласып жатуы да заңдылық. Манапбек Кәдіров, Талғат Молдағалиев бастаған елге белгілі әншілер «Айхай, жиырма бес», «Гәккүді» Елбасының «Елім менің» әніне жалғап әкеткені сондай әсерлі шықты.

Биыл Елордамыздың 20 жылдығына орай облыстағы баспасөздің қарашаңырағы – «Қостанай таңы» газеті басылым бетінде өңіріміздегі ақындар арасында жазба айтыс ұйымдастырғанын оқырман қауым жақсы біледі. Міне, мереке қарсаңында бірнеше ай бойы жыр додасына қатысып, сүбелі сөз жеткізген ақындарымызды марапаттау салтанаты өткізілді.

Дәл осы «Домбыра-думан» атауымен баба аспабымыздың құрметіне алғаш мерекелік шараларды бастап өткізген де – осы «Қостанай таңы» газеті екенін естеріңізге сала кетейік. Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов пен газетіміздің бас редакторы Жанұзақ Аязбеков сөз жарысына қатысып, қатарынан суырылып шыққан ақындарға жүлделер табыс етті. Мамай Ізтілеу, Тоба Өтепбаев, Ғалымгерей Кенжеғозин, Медет Байзақов арнайы сертификаттарға ие болса, оқырман қауымының көзайымына айналған Байбатыр Ахметбеков ақшалай сыйлықпен марапатталды. Жүлделі үшінші орынды Абылай Мауданов пен Марғұлан Оспанов тең бөлісті. Екінші орынға белгіленген 50 мың теңгенің жүлдесін арқалықтық жас ақын Батырлан Сағынтаев қанжығаға байлады. Ал белгілі ақын, журналист Нұрқанат



Домбыраның тарихы тым тереңде. Оның небір көнеден қалған мұралары қазір еліміздің үлкен музейлерінде, жеке адамдардың қолында сақтаулы тұр. Ал біздің аймағымызда да осы бабадан қалған мирас аз емес. Осындай баға жетпес мұралардың бір парасы біздің облысымыздағы мұражайлардың төрінен орын алған. Кеш барысында киіз үй тігіліп, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов бастаған саңлақтар ұстаған жұмыр мойын, дөң шанақ қара тақтайдың бірқатары сонда қойылыпты.

Ұлы Даланың төсін ұрпақтан ұрпаққа бұлжытпай аманаттап келе жатқан қазақ халқы киелі домбыраның ақы иесі екені белгілі. Енді қазақ үшін домбыра күніне арналған мереке жыл айналып бір рет келіп тұрса да, арналы аспабымыздың құны бұдан бетер аспаса, кемімесі белгілі. Төріңізден де, қолыңыздан да домбыра түспесін, қадірлі ағайын! Ән-күй құдіретің ырғағы әр шаңырақты шаттыққа бөлей берсін!



тыңдап өскен, бірге жасаған адам ғана түсінері анық. Ал мыңдаған жылдар бойы қазақтың бітім-болмысын, мінез-құлқын, мұң-зарын, қуаныш-қайғысын бірге бөлісіп келе жатқан киелі аспабымызды

Мәңгілік Елді құрамымызды

**Меншік иесі:**

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор **ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44. Жауапты хатшы: 54-67-65. Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

**Бөлімдер:**

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68. Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42. Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25.

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88. Компьютер орталығы: 54-54-45. Корректор: 54-34-49.

**Меншікті тілшілер:**

Арқалықта: 7-55-91. Рудныйда: 8-714-31-2-72-56. Аманкелдіде: 2-17-40. Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02. Сарыкөлде: 2-25-17.

Редакцияның мекенжайы: **110000, Қостанай қаласы, Өл-Фараби даңғылы, 90**

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді. А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.

Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.